



Сыр бойы

№26 (21101) 19 ақпан, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

/// ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚШ-қа ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

18-19 ақпан күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысу үшін Вашингтонға жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Ақорда хабарлады.

Саммит барысында Газа секторындағы ахуалды тұрақтандыру мәселесіне баса мән беріледі. Атап айтқанда, бейбітшілік орнату, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және гуманитарлық көмек жеткізу бойынша нақты шаралар әзірлеуге ден қойылады. Сонымен қатар сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық ірі компаниялардың жетекшілерімен бірқатар кездесу өткізеді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ: өңірде өнімді жобалар бар

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде экономиканы одан әрі әртараптандыру шаралары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысында «Orda Glass Ltd» ЖШС әкімшілік басқарма басшысының орынбасары Ғалымжан Қуатов баяндама жасап, өңірде 2022 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан республикадағы табакша шыны өндіретін жалғыз зауыттың жұмысы мен алдағы жоспарларын таныстырды. Отырыстан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

– Инвестиция тартуды күшейтіп, жана жобаларды іске асыру үшін инвесторлармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру керек.

Аудандарда, ауылдарда кәсіпкерлікті дамыту жайын жан-жақты зерделеп, нақты ұсыныс енгізіңіздер. Қаржы институттарымен аудандарда, ауылдарда көшпелі тұсіндірме жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет.

Сырттан келетін халық тұтынатын негізгі азық-түлік тауарларын «Ауыл аманаты» жобасы аясында өндіруді ұйымдастырыңыздар. Жоспарланған құрылыс нысандары уақытылы аяқталуы керек. Жанадан салуға келісілген нысандарға ғана жоба-сметалық құжат әзірленіздер.

2-бет

/// ИГІЛІК

«САБАЛАҚҚА» ГАЗ КЕЛДІ



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСКАМОВ

Сейсенбі күні «Сабалақ» саяжайына «көгілдір отын» берілді. Бұл – ондағы тұрғындардың көптен күткен игілігі. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы рәсімде тұрғындарды құттықтап, өңір дамуындағы игі бастамаларды атап өтті.

Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Өбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары игі шараның қуанышын бөлісті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймақтың барлық салада қарқынды дамығанын ерекше атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жана драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодалізінің «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын айтты. Бұл – Мемлекет басшысының Сыр жұртшылығына ыстық ықыласы, тұрғындарымыздың бекем бірлігі мен тату тірлігінің нәтижесі!

Х а л қ ы м ы з д а «Мұраты бірдің қуаты бір» деген сөз бар. Ауылдың дамуы, келешегі Сіздерге, тұрғындардың еңбекқорлығы мен ауызбірлігіне байланысты. «Сабалаққа» қосылған «көгілдір отын» халықтың тұрмыс сапасын арт-

тырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз, – деді облыс әкімі салтанатты рәсімде.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Абдуламұлы, Мархабат Жайымбетұлы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйледі. Қызылорда қаласының құрметті азаматы Сайлаубай Әбішев бата берді.

Айта кетейік, Қызылорда қаласында 80-ге жуық саяжай бар, оның 10-ға жуығында халық тығыз қоныстанған. Осыған байланысты Бас жоспарға өзгерістер енгізіліп, бірқатар саяжайға «Тұрғын үй аумағы» мәртебесі берілді.

«Сабалақ» саяжайы қала шекарасына енгізіліп, инфрақұрылым жеткізуге мүмкіндік жасалды. Кейінгі төрт жылда бұл аумаққа 6 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 22 шақырым ауызсу магистралі тартылды. Су мұнарасы орнатылып, электр желісі жүргізілді, 20-ға жуық көшеге орташа жөндеу жасалды.

Сонымен қатар, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Орда school-2» жеке мектебін мемлекет меншігіне табыстады.

«Сабалаққа» 3,2 млрд теңгеге газ тартылып, 1 694 үйге «көгілдір отын» қосылады. Алдағы уақытта басқа да саяжайларға кезек-кезеңімен инфрақұрылым жүргізіледі.

«СБ» ақпарат

«ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ»

Кеше «Достық үйінде» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республикалық референдум аясында «Халықтық Конституция – қуатты мемлекет» тақырыбында сарапшылар кездесуі өтті. Оған мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдары, басқарма және аумақтық департамент басшылары, бизнес қауымдастығының өкілдері, жоғары оқу орындарының ғалым-ұстаздары, саяси партия жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар, Ассамблея мүшелері, жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы конституциялық реформаның маңыздылығына тоқталып, жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

– Конституциялық реформа жөніндегі жалпыхалықтық талқылаулар жарты жылға жуық уақыт әртүрлі алаңдарда өтті. Бұл – қоғамның саяси белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі. Ел тағдырына қатысты маңызды шешімдерді халықтың тікелей дауыс беруіне ұсыну – демократияның шынайы әрі мызғымас қағидағы.

Жаңа Конституция жобасында мемлекетіміздің іргелі негіздері, басты құндылықтары мен дүниетанымдық ұстанымдары жүйеленіп, заманауи талаптарға сай жаңғыртылды.

2-бет

ЕҢБЕК АДАМЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАҒИДАЛАР

Қазақстанда қолға алынған конституциялық реформа елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағалануда. Жаңа Конституция жобасы мемлекетті басқарудың заманауи қағидаттарын қалыптастырып қана қоймай, қарапайым еңбек адамының құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған.

Айта кету керек, Конституция жобасын талқылау ашық әрі жария форматта өтуде. Осы уақытаралығында саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктерден және ел азаматтарынан 4000-ға жуық ұсыныс түсті. 30 қантарда жарияланған құжат қоғамда кеңінен талқыланып, әр азаматтың пікірін білдіруіне мүмкіндік берілді. Бұл – реформаның халық мүддесіне негізделіп отырғанының айқын көрінісі.

2-бет

/// ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

КИІК КӨБЕЙДІ: пайдасы қайсы, зияны неде?

Елімізде, оның ішінде Қызылорда облысында ақбөкеннің саны қанша? Оларды ату заңды ма? Биыл қыста Арал ауданында ақбөкендердің топтасып жүргенін, тіпті елді мекендерге дейін кіргенін білеміз. Бұл қаншалықты қалыпты? «Охотзоопром» ӨБ РМҚ Қызылорда өңірлік филиалының басшысы Расул Маханов өзара әңгіме барысында осы және өзге де сұрақтарға жауап берді.

Өндірістік бірлестік өкілдігінің қорғау аймағы – Қызылорда, Ұлытау және Түркістан облыстары. Басты мақсат – далалық жерді мекендейтін аң-құсты қорғау, табиғат заңнамасын бұзу деректерін анықтау және браконьерлік қылмыстың алдын алу. Инспекторлар өткен жылғы 24 желтоқсаннан бастап Ұлытау облысы Ұлытау ауданының Қоскөл ауылдық округі аумағынан «Бейнеу-Жезқазған» теміржолының бірнеше бекеті арқылы Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарына киіктің жаппай қоныс аударып, шоғырланғанын растады.

6-бет



Фото ашық дереккөзден

Валюта бағамы

\$ 488,99 kzt

€ 580,25 kzt

₸ 6,38 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі



+12°



+7°

Жұма



+15°



+5°

«ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ»



Жалпыхалықтық референдум Тәуелсіз Қазақстанның алдағы даму кезеңін айқындап, ел тарихында жаңа белестің

1-бет

басталуына негіз болады деп сенеміз. Президентіміздің бастамасымен елімізде соңғы жылдары қолға алынған саяси реформаларды жүзеге асыруда Сыр өңірі

береке-бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Ұлтымыздың тарихына алтын әріппен жазылатын алдағы маңызды саяси кезеңде Сыр жұртшылығы еліміздің шынайы патриоты ретінде азаматтық ұстанымдарын білдіріп, жаңа Конституцияның жобасын қолдайды деп сенеміз. Баршанызды осы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырамын!», – деді облыс әкімі.

Жиында облыс прокуроры Ризабек Көрімұлы, ҚР Сенаторлар кеңесінің мүшесі Мұрат Бактиярұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Сейіткалиұлы, білім саласының ардагері Райкүл Мансұрқызы, Қазақстанның Азаматтық Альянсы қауымдастығы облыстық филиалының төрайымы, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Анар Жарылқасынқызы, «Анаға тағзым» орталығының директоры Алтынай Бекмағамбетқызы, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Қазіұлы пікір айтты.

«СБ» ақпарат

ЕҢБЕК АДАМЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАҒИДАЛАР

Ұсынылып отырған өзгерістердің өзегінде адам факторы тұр. Әсіресе, еңбек адамының қоғамдағы орны мен рөлі жаңа мазмұнда айқындалып отыр. Жаңа Конституцияда еңбек тек азаматтың жеке тандауы емес, мемлекеттің тікелей жауапкершілігі ретінде қарастырылады. Еңбек ету құқығының конституциялық деңгейде бекітілуі жұмыспен қамту, лайықты еңбек жағдайын жасау және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету міндетін мемлекетке жүктейді.

Осы себепті кәсіподақтар жаңа Конституция жобасын қолдап отыр. Құжатта еңбек адамының мүддесін нақты құқықтық тетіктер арқылы қорғауға бағытталған нормалар күшейтілген. Әлеуметтік әділеттілік, тең мүмкіндік пен қорғалған еңбек – кәсіподақ қызметінің басты ұстанымдары, ал жаңа жоба осы қағидаттарды заңдық тұрғыдан бекітеді.

«Жаңа Конституция – бұл мемлекетті басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыратын әрі қарапайым азаматты қорғауға бағытталған қоғамдық келісім. Бұл жобаның негізінде адам тұр. Онда өмір сүру, еңбек ету құқығы мен бостандықтар нақты айқындалған. Заң талаптарын анық болған жерде еңбек адамының дауысы естіледі, ал әділдікке қол жеткізуге мүмкіндік туады» деп атап өтті ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы.

Жаңа Конституция әлеуметтік диалог пен қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтуді көздейді. Бұл еңбек қатынастарындағы ашықтықты арттырып, шешім қабылдау үдерісіне қоғамдық ұйымдардың қатысуын кеңейтеді. Мұндай өзгерістер кәсіподақтардың институционалдық рөлін нығайтып, еңбек мәселелерін тек ведомстволық шеңберде емес, қоғамдық талқылау деңгейінде қарастыруға жол ашады.

«Заң мен тәртіп» қағидатының конституциялық деңгейде бекітілуі де еңбек адамы үшін айрықша мәнге ие. Заң алдында бәрінің тең болуы, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен құқықтық мәдениеттің орнығуы жұмысшының өз құқығына деген сенімін арттырады. Бұл еңбек қатынастарындағы әділетсіздіктің алдын алуға бағытталған берік құқықтық негіз болып саналады.

Сонымен қатар, Кәсіподақтар федерациясы халыққа жариялаған Үндеуінде жаңа Конституция жобасын қолдауға шақырып, аталған құжатты Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың берік іргетасы ретінде бағалады. Үндеуде еңбек адамының құқықтарын күшейту, әлеуметтік әріптестікті дамыту және мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін нақтылау реформаның басты басымдықтары екені атап өтілген. Федерация өкілдері конституциялық өзгерістер қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, заң үстемдігін нығайтуға және әрбір жұмысшының мүддесін қорғауға бағытталғанын жеткізді.

Жаңа Конституция – еңбек адамының еңбегін бағалайтын, оның үнін естітін және құқықтарын нақтылайтын құқықтық негіз. Осы себепті кәсіподақтар бұл реформаны әлеуметтік тұрақтылық пен әділетті қоғам қалыптастыруға бастайтын маңызды қадам ретінде қабылдайды.

Максұт НӘЛІБАЕВ,
Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы,
облыстық мәслихат депутаты

1-бет

ДӘУІРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАҢДАУЫ

Қоғам дамуының әр кезеңінде халықтың тарихи жауапкершілігі айқын көрінетін сәттер болады. Алда өткізілетін референдум – сондай тағдыршешті кезеңдердің бірі. Бұл жай ғана саяси науқан немесе ресми рәсім емес. Бұл – мемлекет болашағының құқықтық негізін халықтың өзі айқындайтын демократиялық таңдау.

Университет тек білім беретін орын емес. Ол – қоғамдық ой қалыптасатын, ел болашағының интеллектуалдық іргетасы қаланатын орта. Біз жастарды тек маман ретінде емес, саналы азамат ретінде тәрбиелеуге міндеттіміз. Сондықтан қоғамдағы ірі өзгерістерге бейжай қарау – білім ордасының табиғатына қайшы.

Референдум арқылы ұсынылып отырған өзгерістердің негізгі мәні – мемлекетті басқарудың ашықтығын күшейту, азаматтың құқықтық қорғалуын арттыру және қоғамдық жауапкершілікті бөлісу, яғни мемлекет пен қоғам арасындағы қатынасты жаңа сапалық деңгейге көтеру.

Бүгінгі әлем – тұрақсыз. Геосаяси шиеленістер, экономикалық сын-қатерлер, ақпараттық ықпалдың күшеюі, мұның бәрі мемлекеттің тек экономикамен емес, құқықтық тұрақтылықпен де қорғалатынын дәлелдеді. Мықты заң үстемдігі жоқ жерде тұрақты даму болмайды.

Референдум арқылы қабылданатын нормалар: билік тармақтарының тепе-теңдігін күшейтеді, қоғамдық бақылауды арттырады, адам құқығының қорғалуын нақтылай түседі, жергілікті басқарудың жауапкершілігін көтереді.

Бұл – мемлекеттің халыққа жақындай түсуі деген сөз. Біз студенттерге әрдайым бір қадиданы үйретеміз: нағыз білім тек ақпарат емес, жауапкершілік.

Ел тағдырына қатысты шешім қабылданғанда, белсенді позиция ұстану – азаматтық кемелдіктің белгісі. Жастар саясаттан қашпауы керек, керісінше, оны түсініп, бағалап, саналы таңдау жасауы қажет. Бүгінгі студент – ертеңгі заңгер, мұғалім, инженер, кәсіпкер, әкім, депутат. Олар ертең осы құқықтық жүйеде өмір сүріп қана қоймай, оны жүзеге асырады. Сондықтан Конституциялық өзгерістер – ең алдымен жастардың болашағына қатысты мәселе.

Кез келген реформа халықсыз жүзеге асса, ол қағаз жүзінде ғана қалады. Ал референдум – биліктің халыққа сенуі, халықтың мемлекетке жауап беруі.

Бұл – диалогтің ең жоғары формасы. Мемлекет: «Шешімді бірге қабылдайық» дейді. Халық: «Жауапкершілікті бөлісеміз» деп жауап береді. Осындай өзара сенім бар жерде ғана тұрақты қоғам қалыптасады.

Қызылорда «Болашақ» университетінің ұжымы білім мен парасатқа негізделген қоғамды қолдайды. Біз үшін реформаның басты құндылығы – саяси ұпай емес, құқықтық мәдениеттің өсуі.

Референдумды қолдау – белгілі бір көзқарасты қолдау ғана емес, заң үстемдігін, әділеттілікті және азаматтық жауапкершілікті қолдау.

Референдум бір күндік оқиға емес. Ол – ондаған жылға созылатын құқықтық бағдар. Бүгін қабылданған шешім болашақ ұрпақтың өміріне әсер етеді.

Біз, білім саласының өкілдері, елдің ертеңіне жауапкершілікпен қарайтын азаматтар ретінде, референдумды қолдай отырып, барша қауымды оған белсенді қатысуға шақырамыз! Өйткені, мемлекет болашағы кабинетте емес, халықтың таңдауы арқылы айқындалады.

Саналы таңдау – тұрақты дамитын Мемлекеттің кепілі.

Гүлжахан ШАСАПОВА,
Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры,
ғ.ғ.к.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев, Сенат депутаттары, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері, орталық және жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерімен кездесті. Онда қоршаған ортаны қорғау, экологияны жақсарту мәселелері талқыланды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



– Қызылордада қорытындыланған Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы «Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет» деп атап өткен болатын. Солтүстік Аралды сақтап қалу мақсатында жылдар бойы «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы жүзеге асырылды. Нәтижесінде бұл жоба Кіші Арал теңізін сақтап қана қоймай, өңірдің экологиялық және экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді.

2022 жылдың қазан айында Солтүстік Арал теңізіндегі су көлемі 18 млрд 500 млн текше метрге дейін азайған болса, Президентіміздің қолдауымен бүгінде 22 млрд 900 млн текше метрге жетті. Қазір «Көкарал» бөгетін биіктету қолға алынууда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Дүниежүзілік Банктің қайтарымсыз қаражаты есебінен жобаның техника-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жұмысты биыл бастау жоспарланған. Жоба бойынша «Көкарал» бөгеті 42 метрден 44 метрге биіктетілгенде, теңіздегі су көлемі 27 млрд текше метрден 34 млрд текше метрге ұлғаяды, – деді облыс әкімі.

Кездесуде Әли Әбдікәрімұлы, Парламент Сенатының депутаты Жанболат Әкебайұлы өз пікірлерін білдірді.

Мұнан бөлек, Әли Бектаев, Сенат депутаттары, Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, Аэроғарыш комитетінің төрағасы Байқоңыр қаласында болып, тұрғындармен кездесулер өткізді, қаланың тыныс-тіршілігімен танысты.

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ: өңірде өнімді жобалар бар

Мемлекет басшысының Қатар сапарында жасалған келісім бойынша қуаттылығы 1100 Мвт-тық бу-газ қондырғысының жобалау жұмыстары жүргізілуде. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы маңызды екі жобаны сапалы әрі мерзімінде жүзеге асыруы қажет, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, өңір экономикасын әртараптандыру, шикізатқа тәуелділікті азайту, өңдеу өнеркәсібін дамыту, ШОБ-ты қолдау және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді арттыруда жүйелі жұмыс бар.

2026-2029 жылдары 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10308 жаңа жұмыс

1-бет

орны ашылады. Биыл 100 млрд теңгенің 21 жобасы іске қосылады. Олардың қатарында қуаттылығы 3500 тонналық құс фабрикасы, 5200 тонналық тауарлы-сүт фермасы, «Пана» қонақ үйі, гофрлеу және картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндіру зауыты, жалпы қуаттылығы 50 МВт болатын 2 күн-электр станциясы бар.

Сонымен бірге 753 млрд 300 млн теңгеге бағаланған 14 ірі жобаның құрылысы межеленген. Өткен жылы корейлік «Уиз Ю» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені және «Риксос» қонақ үйінің құрылысы басталды. «Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі 17 млрд 300 млн теңгеге жылына 1 млн 100 мың тонна әк

өндіретін зауытты іске қосады. «Шалқия» кен-байыту фабрикасы, «Арал сода» серіктестігінің кальцийленген сода, «Севен Риверс» компаниясының шыны бөтелке, испандық «Рока групп» компаниясының жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын зауыт құрылысы басталады.

Швейцариялық «Харвест Агро» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, қайта өңдеу, жүгеріні терең өңдейтін крахмал-сірне зауытының құрылысы бастау алды. Компанияға 14 200 гектар жер учаскесі берілген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Дайыншаған Қ.Оразбаев

Жандос ЕРКІНБЕКҰЛЫ, Қармақшы ауданының әкімі:

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ ЕТУ – ПАРЫЗЫМ, ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҚАРЫЗЫМ»

– Жандос Еркінбекұлы, алдымен сұхбатқа уақыт бөленіңізге рақмет. Туған жердің тізгінін ұстағалы тұп-тұра үш жыл толды. Әкім болу, оның ішінде өзіңіз туып-өскен ауданды басқару – зор міндет. Алғаш тағайындалған уақытта басты мақсатыңыз қандай болды?

– Рақмет. Шынында да, «Туған жерге тағзым ету – парызым, қызмет ету – қарызым» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, тағайындалған сәттен басты мақсатым – халықтың тұрмыс сапасын жүйелі түрде жақсарту болды. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында бірнеше рет атап өткендей, жергілікті жерде атқарылатын әрбір жұмыс қарапайым тұрғынның күнделікті өміріне оң әсер етуі тиіс. Сондықтан осы ұстанымды әрқашан негізгі бағыт ретінде пайдаланып келемін.

Қазір халық өміріне тікелей әсер ететін мәселелерге басымдық беріледі. Жалпы инфрақұрылымды дамыту, жол сапасын жақсарту, ауызсу, «көгілдір отын», электр желілері мен түнгі жарықтандыру, қажетті әлеуметтік нысандар – тұрғындардың жиі көтеретін сұрақтары. Осы бағыттарда өз кезеңімен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, аудан экономикасының негізгі саналатын ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу да назардан тыс қалған жоқ. Бұл бағытта Президент пен Үкіметтің және облыс әкімі тарапынан қолдаулар біз үшін маңызды.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтылмаған. Соның нәтижесінде бірікпек жұмыс атқарылып, ауданда жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесі айқын көрініс табуда. Ең бастысы – барлық істі халықпен ашық диалог арқылы, ақылдаса отырып жүзеге асыру. Өйткені туған жерге қызмет ету – тек лауазым емес, ел сенімін ақтау деп түсінімін.

– Жәкі естiтiн жеңалықтың бiрi – Қармақшыдағы құрылыстың ала басы. Екi кент, бiрнеше ауылдарға қажеттi ғимараттардың құрылысы қалай жүрiп жатыр?

– Жақында ғана облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен жалпы құны 5,3 млрд теңгені құрайтын Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік бес тұрғын үй халыққа табысталды. Құрылысты «Аман-Құрылыс» ЖШС жүргізді. Енді қазір «Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау» жобасын қоса қаржыландыруға арнаулы мемлекеттік қор есебінен 9 млрд 193 млн теңге қаржы қаралып, жұмыс атқарылуда. Бұған қоса, аудан орталығы мен Төретам кентіндегі теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өткізілуде.

Ал әлеуметтік нысандарды қайта салу, бірікпектерін жаңарту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізіліп жатыр. Осы кезге дейін Тұрмағамбет, Ақжар және Дүр Оңғар ауылындағы дәрігерлік амбулатория салынды. Мұндай құрылыс Куандария мен Қармақшы ауылында жүріп, фельдшерлік-акушерлік бекетті халық игілігіне табыстадық.

Тағы бір жаңалық, кейінгі үш жылда пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 115,9 мың шаршы метрді құрады. Ең маңыздысы, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға үш жыл ішінде 3 млрд 838,2 млн теңге қаралып, барлығы 267 пәтер сатып алынды.

Айта кететін жаңалық, ауданда халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көрсеткіші артты. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен 4 елді мекенде жалпы құны 1 млрд 734,8 млн теңгеге спорт ғимараттарының құрылысы жүрді. Олар – Жосалы кенті, Дүр Оңғар, ІІІ Интернационал және Ақай ауылындағы спорт кешендері. Сонымен қатар, былтыр Ұлттық спортты дамыту мақсатында ауданда «Ақтөбе және К» ЖШС қолдауымен Ақтөбе ауылында ипподром құрылысы басталған. Оның құны – 80 млн теңге. Биыл пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Барлық аудан орталықтарына тән құрылыстың бірі – «Руханият орталығы». Екі жыл бұрын облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен Жосалы кентінде музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер үйі



мен Жастар орталығын, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи, мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі орталық ашылды. Оның құрылысы 1,6 млрд теңгеге жүргізілді.

– Былтыр «көгілдір отын» кешегілдеген Төретам кенті мен Ақай ауылына газ тартылды. Одан бөлек, Сырдария өзенінің екінші бетіндегі ауылдарға газ тарту жобасы қолға алынды. Алдағы уақытта да осы жұмыстар жалғасын таба ма?

– Рас, Төретам мен Ақайға газдың баруы көпшілікті қуантты. Өйткені, мұнда халық саны баршылық. Қос елді мекенді газдандыру жұмыстарына 1,2 млрд, сондай-ақ Дүр Оңғар ауылын газдандыруға 7,1 млрд теңге қаржы бөлініп, құрылыс толық аяқталды. Соның нәтижесінде аудан халқының 75,2 пайызы табиғи газбен қамтылды. Енді осы жобаның ізімен өзге елді мекендерді газдандыруды жалғастыра береміз.

Биыл Иіркөл мен Төребай би ауылына газ желілерін тарту үшін жоба-сметалық құжат әзірленіп, осы жылы құрылысын жүзеге асыру жоспарда тұр. Екіншіден, Дүр Оңғар ауылына газ тартылған соң әрі қарай Ақтөбе, ІІІ Интернационал, Ақжар және басқа да ауылдарға газ құбырын тарту жұмыстары көзделіп отыр. Тек бұл жұмыстар өз кезегімен жүре беретін болады.

– Өзіңіз айтқанда, халық тарапынан жиі көтерілетін мәселелердің қатарында жол салу мен түнгі көше қауіпсіздігі. Бұл жұмыстардың нақты нәтижелері қандай?

– Жол салу жұмыстары маған дейінгі басшылардың кезінде де жүйелі түрде жүргізілді. Ауыл арасы, көше жолдары біртіндеп тегістелді. Өрине, қаржы көп қажет ететін сала болғандықтан, бір жылда барлық көшенің жолын жөндеймін деу қисынсыз. Біз барлық қаржы көздері есебінен 3 млрд 500,5 млн теңге көлемінде жоспарланған аудандағы маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жүргіздік. Оның ішінде жалпы құны 1 млрд 371 млн теңге болатын «Самара-Шымкент-Ақжар-Тұрмағамбет-Т.Көмекбаев» бағытындағы аудандық маңыздағы автожол бар. Көптен бері мәселе болған Қызылтам ауылына кіреберіс жолды да қайта жаңғырттық.

Ата-баба мен әйгілі тұлғалар есімін құрметтеген халық ұрпағымыз. Әкім болып келгені Марал баба басына баратын жолды дұрыстау ойымда болған. Ол мақсат орындалды. 6,5 шақырымдық «Жалағаш-Жосалы-Марал ишан» автожол құрылысына 249,3 млн теңге қаралып, жұмыс жүрді. Бұдан бөлек, облыстық бюджет есебінен «Төретам-Ақай» айналма жолы күрделі жөндеуде.

Ауыл ішіндегі көшелер де қараусыз қалмады. Жосалы кентінен бөлек, Куандария, Ақтөбе, Алдашбай ахун, Ақай және ІІІ Интернационал ауылдық округінің ішкі көшелері жөндеді. Ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы аудан орталығы мен Ақжар, Тұрмағамбет, Ақай, Ақтөбе, Төретам

кенті, ІІІ Интернационал елді мекендерінде көшелер жаңғыртудан өтті.

Көшелер қайта жөндеген соң ондағы түнгі қауіпсіздікті арттыруда жарықтандыру жұмысы тоқтаған емес. Кейінгі үш жылда Жосалы, Төретам кентіндегі және Ақай, Т.Көмекбаев, Алдашбай ахун, Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Иіркөл, Төребай би ауылындағы барлығы 53 көшеге түнгі жарықшамдар орнатылды. Жалпы ауданда 330 көшенің 79 пайызы жарықтандырумен қамтылған.

– Жыл өткен сайын облыс орталығында абаттандыру жұмыстары қарқын алып, қала келбеті айтарлықтай жағарып келеді. Осы орайда аудан көлемінде тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында қандай іске асқан жобалар бар?

– Бұл бағытта аудан аумағында тұрғындарға қолайлы және заманауи орта қалыптастыру бағытында бірікпектер нақты жобалар жүзеге асуда. Қазір Қармақшыда тұрғындар демалатын орындар бекітіліп, аудан орталығында 3 шағын саябақ, Шығыс каналының жағасы, 3 көше және Төребай би ауылындағы орталық алаң абаттандырылды. Сырдария өзені көпірінің батыс бетінен типтік жобадан жағажай ашылды. Ал жазу жүргіншілер жолына келетін болсақ, ауданда 11 көше

«Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша ІІІ орын алып, «Беларусь-МТЗ 892.2» тракторы тапсырылды. Сондай-ақ абаттандыру жобасын қолдауға арналған 15 млн теңге көлемінде сертификатты Куандария және Қармақшы ауылдары ұтып алды. Осы қаржыға Қармақшы ауылында орналасқан орталық алаңға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Биыл Куандария ауылы мен Жосалы, Төретам кентіндегі вокзал аумағын абаттандыру жалғасады.

– Қармақшы ғана емес, өзге аудандарда да электр желілерінің тозуы, кейде жарықтың соңуы елдің тұрмыс сапасына әсер ететіні анық. Ал сіз басқаратын ауданда бұған қатысты қандай жұмыстар бар?

– 2024-2025 жылдары Т.Көмекбаев, Ақтөбе, Иіркөл және Дүр Оңғар ауылдарының электр желілерін қайта жаңғыртуға 1 млрд 385,9 млн теңге қаралып, құрылыс жүргізілді. Қазір бұл елді мекендер тұрақты, сапалы электр энергиясын тұтынып отыр.

Жөндеу, қайта жаңғыртудың нәтижесі жаман емес. Қазір аудандағы электр желілерінің тозу деңгейі 80-нен 66 пайызға төмендеді. Мұндай жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Аудандық бюджеттен Куандария, Ақжар, ІІІ Интернационал, Алдашбай ахун, Қармақшы ауылының электр желілерін қайта жаңғыртуға жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Ендігі жұмыс жоспарға сай атқарылады.

– Ауыл шаруашылығы экономиканың басты драйвері деп жүрміз. Жалпы егін және мал шаруашылығын қатар дамыту арқылы ел ырысын молайтуға бағытталған қандай тың бастамалар бар?

– Өткен жылы аудан диқандары 25 458 гектар егін екті. Оның ішінде күріш – 12 993 гектар. Басқа дақылдардан бидай, мақсары, жүгері, мал азығы



– Иә, 12 мың гектардан аса Сыр салысын егетін ауданның басты тіршілігі – ауыл шаруашылығы екені рас. Бірақ Үкімет баса назар салып отырған кәсіпкерлік саласы, оның ішінде шағын және орта бизнесті жандандыру жұмысы бар дегендей...

– Ауданда өткен жылы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3211 бірлікті құрады. Осы салада аудан бойынша 5260 адам жұмыспен қамтылған. Ал тоғыз айда шығарылған өнім көлемі 29 млрд 558 млн теңгені құрады.

Мемлекеттік бағдарламалармен кейінгі үш жылда 408 жоба қолдау тапты. Оған 5 млрд 962,5 млн теңге несие берілді. Үш жыл бұрын «Қармақшы құс» ЖШС жылына 1500 тонна өнім өндіретін құс фабрикасы 3 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Инвестициялық жобалар да ауданда тұрақты іске асырылып жатыр. Осы кезге дейін «АНҚ-Дәулет» ЖШС газоблок шығаратын шағын зауытты іске қосты. Сондай-ақ былтыр Өңірлік үйлестіру кеңесімен екі жобаны іске асыру мақұлданды. Оның бірі – «G Power Energy» ЖШС «Күн-электр станциясын және деректерді өңдеу орталығын салу» жобасы. Жоба құны 29,5 млрд теңге. Бұған Жосалы кентінің аумағынан 200 гектар жер учаскесі белгіленді. Екіншісі – «Алаш метан» ЖШС «Метан бекеттерін салу» жобасы. Жоба құны – 600 млн теңге. Мұны іске асыруға «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінің бойынан 1 гектар жер бөлініп отыр.

Жалпы үш жылда ауданға 54 млрд 539 млн теңгенің инвестициясы тартылып, өсім 35,1 пайызды құрады. Қармақшы ауданында негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер бойынша тұрақты өсім динамикасы бар деп сеніммен айта аламын. Айталық, өнеркәсіп өндірісі 1,7 есеге, ал өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,8 есеге артты.

– Осыдан үш жыл бұрын ауданның бекітілген бюджеті 12 млрд теңгеге әзер жусықтайтын. Бұл соманың уақыт өткен сайын артқанын білеміз. Былтыр аудан қазынасы 9,8 млрд теңгеге ұлғайып, бюджет 22 млрд теңгеден асты. Өсім қалай қалыптасты?

– Бюджеттің ұлғаюы ауданға ірі жобалардың тартылуымен байланысты. Қаржы негізінен аудан тұрғындарына бірінші кезекте қажетті жол жөндеу, ауызсумен қамту және электр желілерін жөндеу секілді маңызды жобаларды қаржыландырудың артуы есебінен ұлғаюда. Осы орайда, ел ішіндегі құрылыс көлемі 2023 жылдан бері 25 млрд 401 млн теңгені құрады. Былтыр ауданда 11 млрд 273 млн теңгенің құрылысы жүріп, 2023 жылмен салыстырғанда 58 пайызға артты.

Осының, яғни құрылыстың арқасында аудандық маңызы бар жолдар 100 пайыз жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жетті. Барлық ауылдық округтерге қатынайтын автомобиль жолдар мәселесі толық шешілді. Екіншіден, аудан тұрғындары 100 пайыз ауызсумен қамтылған. Жоғарыда айтып өткендей, электр жүйелері де жыл сайын жанаруда.

Біз республикалық және облыстық бюджет қаражатын ғана күтіп отырмай, ауданның өз кірістерін де өсірдік. Үш жыл бұрын өз кірістеріміз 2 млрд теңге болса, былтыр 3 млрд 434,5 млн теңгеге жетіп, 1,4 млрд теңгеге ұлғайды.

– Ауданда бірқатар маңызды жұмыстардың атқарылғанына көз жеткіздік. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген сенімдеміз. Мемлекеттік қызметіңізге табыс, кәсіби еңбегіңізге абайрой тілеймін.

– Рақмет. Елге қызмет ету – мен үшін үлкен жауапкершілік пен мәртебе. Әлі де осы жолда бар құш-жігерімді жұмсауға дайынмын. Қорыта айтсақ, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуда тынымсыз еңбек ете береміз.

– Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Қызылорда-Қармақшы-Қызылорда

Мен білім саласындағы өмірімде талай жақсылармен жолықтым. Олар менің тұлға ретінде қалыптасуыма тікелей әсер етті. Есімнен ешқашан шықпайтын болмыс ескерткішін қалап кеткен сондай жандардың қатарында ғалым-ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асанов Жұматай Ілесбайұлының орны ерекше тұрады.

Жұматай аға 1957-1962 жылдары Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында оқып, химия және биология мамандығы бойынша білім алып шыққан. Осы пән бойынша оның ізденістері мен атқарған жұмыстары бір төбе, бұған қоса ол кісі педагогикаға да ден қойып, ғылым докторы атағын алған адам.

Еңбек жолын аудандағы, қаладағы орта мектептерде бастаған Жұматай аға осылайша өзі таңдаған қиын мамандықтың қыр-сырын ашып, ғылымның екінші бір саласын да жетік меңгеріп шыққан ғалым.

Ол кісімен екеуміздің таныстығымыз 1998 жылдан бері басталды.

Бұған дейін ол Қызылорда педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасында оқытушылық қызмет атқарған.

1980 жылы Мәскеу мемлекеттік педагогика институтының аспирантурасын бітіріп, «Ауыл орта мектебінде панаралық негізде агрохимия бойынша үйірме сабақтарының педагогикалық тиімділігі» тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған.

Қай кезде де мектепте жүріп ғылыми дәреже қорғауды қолға алуға екінің бірі барған жоқ. Барса да, сирек. Менің білуімше, сондай кісілердің бірі – білгір әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты Молдаш Достанов. Мұны айтып отырған себебім, «Алмас кездік қап түбінде жатпайды» дегендей, сана сәулесі жарық нағыз оқымысты қалайда өз биігіне шығады.

Аға батыр болмысты еді. Оның ғылым саласындағы жанкешті еңбегінің өзі осы батырлығымен байланысты. Әдетте қайсар рух кісі бойында жасырынып жатады. Жұматай аға да – өте сыпайы әдептің адамы. Тіпті осыған орай мына бір нәрсені де айта кету керек, ғалымдардың өзара бір-бірін мойындай бермейтін мінездері болады. Себебі, ғылым тереңдеген сайын қазынасын аша береді. Тереңдіктің астында інжу мен маржан ғана бар десең, сенің ойыңа кірмеген керемет дүние де жарқырап шығады. Сондықтан ғылымның айналасында айтыс-тартыс толастамайды.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕГІ БЕЙНЕ



Алайда Жұматай ағаның алдын ешкім кесе өтпейтін. Пікірі орнықты, анығын айтқанда әріптестері ол кісіні сөзсіз мойындайтын.

Ғалымның қаламынан туған еңбектерін атап түгендеуге арнайы зерттеу керек. Ол кісінің орта мектепке арналған «Химиялық анализ негіздерінен факультативтік сабақтар», «Химиялық анализ негіздері» атты оқулықтары, жоғары оқу орнына арналған «Ауыл-шаруашылық негіздері», «Оқушы, оның дамуы мен тәрбиесі», «Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстары», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру» атты әдістемелік еңбектері, «Химияның ауыл шаруашылығындағы рөлі», «Пәндерді байланыстырып оқыту» атты ғылыми-көпшілік кітаптары жарық көрді.

Ал енді батырлық дегенге нақты тоқталсақ, сонау 1962 жылы мынадай бір оқиға өтіпті. Сол кезде Қостанай облысының Қосарал совхозына барған институтты жаңа бітірген жас Жұматайдың Қарасу деген көлдің мұзы ойылып, суға кеткен алты баланың төртеуін ажалдан аман алып қалған оқиғасын ешкімнің білмей де кетуі мүмкін еді. Өйткені, тумысынан қарапайым, қазақы мәдениеттің қалпында өскен ағамыз ісімен болмаса сөзімен өзін көрсетуге бара бермейтін.

Жұматай ағамыз 2018 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Біраз адамның жоғары мектеп оқытушысының бұл атаққа қандай қатысы бар деп ойлап қалғаны да шын. Мұның сыры «Сыр құтқарушысы» журналының осы жылғы желтоқсан айындағы санында жарияланған «56 жылдан соң иесін тапқан марапат»

атты мақаланы оқығанда түсінікті болды.

Маған ағаның сол бір қарапайым бітім-болмысы ұнайтын. Шыны керек, университет басшылығында болған жылдарымда қонаққа шақырушылар да көп еді. Олардың ешқайсына бара бермейтінмін. Университет оқытушыларының үйлеріне барғаным өте сирек. Ал Жұматай ағаның шақыруын қабыл алып, дастарқанында болдым. Бұл менің қонақ тандап барамын дегенім емес, ол кезде мойын бұруға мұрша болмайтын. Аяқастынан іссапар, шетелден келетін әріптес-ғалымдар, жұмыс уақытынан тыс өтетін шаралар шаршатады. Қонаққа емес, қонаға үйге баруға асығасың.

Жұматай ағаға жоқ деп айту қиын, ол кісінің тәрбиелі, мәдениетті болмысы өзіне баурап тұратын еді.

Зайыбы Светлана Мұсағалиқызы да – ізетті ұстаз, үйінде қонақжай отанасы. Аға екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Бір баласы Сұңғат менің шәкіртім болған, қазір белгілі құрылыс маманы. Сұңғат студент кезінде әке атағын емес, жеке еңбегін сарп етіп үздік оқыды. Кейде белгілі кісілердің баласы өзін ерекшелеп көрсеткісі келеді. Сұңғат өзін тек жақсы жағынан ғана ерекшелеген жас болды. Мұның бәрі – ата-ананың өнегесімен өрілетін адами қалып. Ал бұл баланың анасы педагог болса, әкесі – педагогика ғылымының докторы, профессор.

Педагогика ғылымы ұлттың қадір-қасиетіне, болмысына негізделген. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» дейтін еңбегінің қай дәуірде де құнды болып қала беретіні сондықтан.

Ұлттық қадір-қасиет дегеніміз – ұлттық код. Кодты білмеген адам



құпияның кілтін ешқашан таппайды. Менінше, Жұматай ағаның химия-биология мамандығын алса да, педагогика ғылымына тереңдеп баруы – оның ұлт кодын жатқа білетін жадына қатысты жайт. Дәлірек айтсақ, жас күнінен обал-сауапты, ар-ұятты сыналай сіңірген қазақы тәрбиені терең менгерген жан. Осы құндылықтарды бойында қорытып, біліммен бедерлеуі ол кісінің парасат биігіндегі бейнесі екені сөзсіз.

Университетте қызмет етіп жүрген жылдары Жұматай аға профессор Б.Кәрібозұлымен, Х.Нұғмановмен бірлесіп оқушының дамуы мен тәрбиесіне қатысты еңбектер жазды.

«Жастарға кәсіптік бағдар беру мәселелері», «Этнопедагогика» оқу курсының бағдарламасы, «Қорқыт атаның тәлім-тәрбиелік мұраларын оқу-тәрбие процесінде пайдалану» секілді жеке еңбектері әдістемелік құрал есебінде кітап болып басылды.

1989 жылы Алматыдағы «Жалын» баспасынан «Ақылды аңшы» ертегі түріндегі кітабы жарық көрген.

Бұл жылдары айтарын бір бөлек, жазушылық талаптан шыға алмасаң «Жалынның» кітап шығара қоюы да қиын. Өйткені, әдебиеттегі көркемдік кеңестің жұмыс істеп тұрған кезі. Осы тұста Жұматай ағаның ғылымда да, әдебиетте де сыннан мүдірмейтін кәсібилігі көрінеді.

Сонымен бірге Жұматай ағаның «Сарыбай руының шежіресі, оның танымал тұлғалары» дейтін кітабы да бар. Қанша араласып жүрсек те ағаның руын сұрамаппын. Өйткені, бізді жақын қылған туыстығымыз руластық емес, рухастығымыз болды.

Ағаның қауазай қамтыған тақырыбының бірі – Сыр бойының батырлары

мен би-шешендері, ақын-жыраулары және емші-шіпагерлері, олардың тәлімдік, тәрбиелік тұлғасына ден қою мәселесіне қатысты.

Сірә, «сегіз қырлы, бір сырлы» деген осы шығар. Химия мен биологияның мәніне, педагогиканың жанына, мирас болған билердің, жыраулардың болмысына санамен үңілу, одан еңбек жазу үшін қанша маңдай тер төгілу керек, қанша ой салмағын көтеру керек.

Біз сөз ішінде Жұматай ағаның мерзімді баспасөзде жарияланған өзекті мақалалары туралы айтып отырғанымыз жоқ.

Ол кісінің қоғамдық мәселелерге, білімге, жастар тәрбиесіне қатысты мақалалары жиі жарық көретін. Сондықтан да ҚР Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды.

Жұматай аға 2013 жылы педагогика саласындағы еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы 3-дәрежелі сыйлығына ие болды.

Сонымен бірге «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», Ресей халықаралық педагогикалық білім беру Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі атанды, кеудесіне «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін тақты.

Мұның бәрі – адал еңбектің көрсеткіші. Ол кісінің білім саласында, қазіргі Қорқыт ата атындағы университеттің тарихында өшпес есім болып қалатыны анық.

Бүгінгі күні университетте профессор, педагогика ғылымдарының докторы Асанов Жұматай Ілесбайұлы атындағы дәрісхана жұмыс істеп тұр. Осы дәрісханадан ұлағатты ұстаз, ірі ғалым Жұматай Асанов жолына түсем деген қаншама жастар білім алып шығады. Олар үлкен өмірге «инмен құлдық қазғандай» ғылымға қызмет етудің үлгісін көріп жолдама алады.

Осылайша парасат биігіндегі ұстаздың екінші өмірі де тіршілікпен қатар жасай береді. Жұматай ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай. Ағамыздың жарқын бейнесі, жылы жүзі шәкірттері мен әріптестерінің жадында мәңгі сақталады.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
техника ғылымдарының докторы, академик,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті ректоры

Бұл ауылдың тарихы әріде жатыр. Қазіргі «Қоғалы» ауылы Сталин атындағы колхоз еді. Іргелес Молотов атындағы колхоз қосылды, ол мына Бәйтен көпірі тұсында болатын-ды. Кейін «Ортақшыл», «Октябрь», Жамбыл есімдерін иеленді. Ақыр соңында «Қоғалы» елді мекені аталғанына бірнеше жылдың жүзі болып қалды. Қазір ауылда төрт мыңға жуық халық тұрады. Орта мектеп, балабақша, амбулатория жұмыс істейді. Жыл сайын мыңдаған гектар жерге күріш егетін кәсіпкерлер бар. Бір кездері мемлекетке миллион пұт күріш тапсыратын ауыл болғаны қазір аңыз сияқты. Жиырма мыңға жуық қой өсіргені, тауарлы-сүт фермасы, «Ленин» орденді шопан Рабига, механизатор Жасқылық Алдамұратов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жаңбырбай Қожауов

ТӘТЕН КЕМПІР

есімдері жұрттың әлі есінде. Ағайынды Лапиндер, Қоңырқожа Қожықов, Сәбира Майқанованың атақонысы болған Майкәнтөбе жайында көнекөздер майын тамыза әңгімелейді.

Өңгімені тақырыбы айқындап тұрғандай, Тәтен кемпір жайында жазуға қалам тарта бастағанда өзімнің кіндік қаным тамған «Қоғалы» тарихы есіме орала берді. Оқырман айып етпес, әңгімені одан әрі өрбітуге бет бұрғаным жөн болар.

Біз оншақты бала сұрапыл соғыс жылдарында мектеп есігін ашып, соғыс аяқталған жылы жетіжылдықты осы «Қоғалыда» бітірдік. Бірге оқыған Зұлқарнай, Балтағұл, Ізбасар, Орынбасар, Қуаныш, Жылқыбай, Токтаркүлдің бақи дүниеге аттанғанына көп жыл болды.

Токсанның төріне шыққанда ойымда қалған, ұзақ жыл сәті түспей жүрген «Тәтен кемпір» атты эссені жазудың орайы келді.

Әлі есімде, сұрапыл соғыстың бітер түрі жоқ. Әр үйге хат тауашы Сейітқасым аға келген сайын үрейленетін кез. Бірі ұлынан хат келгеніне қуанып жатса, енді бір үйге атышулы «қара қағаз» жетіп жатты. Біз мектептен оралған бойда қоса күйзеліп, көз жасын төгеміз. Ұлының әскери борышын өтеп жүргенін жазған хаттарын оқып берген сәттегі ата-ананың қуанышы әлі есімнен кетпейді. Әскердегі ағалар шетінен ақын сияқты әр хатын өлеңмен бастайтын еді-ау. Бір ағаның хаты есімде, соны қаз-қалпында айтайын.

Арнаулы айттық сәлем құлыныңнан,
Өн үзген омыртқанды жұлыныңнан.
Көкешім мен кеткелі белін босап,
Қалдың ба, қаяу түсіп тұғырыңнан.

Қолыңа бұрын қонған құсың едім,
Жігерің әл-қуатың, күшің едім.
Мінсең – ат, кісен – шапан, кессең – пышақ,
Шайнасаң – отыз меруерт тісің едім!

Қандай керемет шумак! Бала солдаттың ата-анасына, елге деген сағынышы ойға оралады.

Әлгі әзірде Тәтен кемпір жайында тақырып қойып, жаза бастаған сәтте майдандар ағалар тағы да еске түсіп, тақырыптан ауытқып кете беруге мәжбүр еткенін қараңшы, оқырман!

Тәтен кемпір ауылдағы бір үйде жалғыз өзі тұратын еді. Екі қызы қалаға ерге шығып кеткен. Жалғыз ұлы

Шахаптың соғысқа аттанғанына тура бес жылдан асты. Хат-хабар жоқ. Бірақ «Ұлым тірі, елге оралады» деп әр жұма сайын жеті шөлшек таратуды дағдыға айналдырған.

Тәтен кемпірдің үйіне күйеуі хабарсыз кеткен жесірлер Күмісқал, Шәрбан, Дәніш, Айжамап, Жәмילה, Сара әжей күнде жиналады. Өңгімені Тәтен әжей бастайды.

– Бұл соғыс көп ұзамай бітеді. Ерлерің аман-сау оралады. Есберген, Шайырқожаңың хат-хабарсыз кеткен ұлдары Қуанышбек пен Шәріп аман-сау оралады деп жұбатыңыздар. Қайғы жұтпасын, қазақтың «Аман ердің аты шығады» дегені бар, – деп төгілте сөйлегенде қасындағылар ұйып тындап, сілтідей тына қалатын-ды.

Ол мына қала іргесіндегі Махамбетов ауылының тумасы болатын. Кезінде Еспенбет қажының ата-анасы құда түсіп, отау құрғызған. Қажыдан бір ұл, екі қыз өрбітті. Қажы сонау 1934 жылы Меккеден екінші рет оралып, дүние салған-ды.

Тәтен кемпірдің айтқаны айдай келді. Жеңіс туы тігілді.

Төрт жыл хабарсыз кеткен Шахап Қаюпов 1946 жылы елге аман-сау оралды.

Бір сәт Шахап ата өткен күндерден әңгіме қозғады. – Мен әскерде тұтқынға түстім. Берлиннен 18 шақырым жердегі қанылтыр зауытында жұмыс істедік. Содан бір түнде бес жігіт зауыттан қашып, Польша жеріндегі өз солдаттарымызға қосылдық. Жол-жөнекей көрген қиындық ұзақ әңгіме. Ағаштың қабығын, құрт-құмырсқаны корек еттік. Талай талықсып құладым. Осы сәтте шөлшек нанның иісі мұрныма келіп, бойыма қуат бергендей болды. Алланың құдіретіне таңырқамасқа амал жоқ. Кейін отбасына оралып шешем Тәтенге айтқанда мәз болып еді-ау!

– Әр жұма сайын жеті күлше таратудан төрт жыл бойы жаңылған емеспін. Неге? Жеті күлше – құдірет. Аллаға деген аманат. Бұл жеті күлше тарихы әріден басталады. Меккеге екі рет барып, елге аман-сау оралған ерім Еспенбет қажы бір әңгімені тебірене отырып баяндаушы еді-ау?!

– Бұл жеті күлше беру үрдісі Ираннан басталған. Бір диқан жер шауып жүріп, шұқырдан ордалы жыланның ұясына кезігеді де, шауып тастайды. Содан бүкіл елге ордалы құлан шабуылға шығады. Амалы құрыған патша халыққа сұрау салады. Бір көрікпе: «Әлгі жыланды шапқан адамды тауып, бір шұқырға белінен көміп, басына қазан төңкеріп, астына кетпенін тігінен, үстіне жеті күлше қою керек. Сонда ғана ордалы жыланның қаһары басылады» депті. Сөзді құп алған патша шартты орындайды. Бүкіл қылан жиналып, әлгі шұқырға түсе бастайды, кетпенді, қазанды тесіп өтіп, жеті шөлшекке келгенде наннан өтпей, біртіндеп тараған, тыныштық орнаған. Міне, жеті күлше тарихы, – депті Еспенбет қажы. Осы күнгі кетпен басындағы тесік содан қалған деп ұзақ әңгімені еске салып еді-ау, жарықтық. Менің жеті күлшеге деген ықыласым содан басталған, – дейтін Тәтен әже.


Майдангер Шахап Қаюповтың анасы Тәтен Жиенқожақызы 1980 жылы дүние салды. Шахап ата 76 жасында қайтыс болды.

«Қоғалы» ауылында Тәтен кемпірдің немересі, ұзақ жыл мектепте директор болған зейнеткер, ауылдағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сламбек Қаюпов бір кездескен сәтінде әжесі жайында ұзақ әңгімені тереңнен қозғады. Ол кісі жайында жазылмаған тағы бір естелік бар екеніне көзім жетті.

Қайран, біздің аңызға айналған Тәтен кемпір секілді әжелеріміз естен кетпейді.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы адамдарды вирусты кене шаққанда, малға жабысқан кенені жалаң қолмен жулу, езу, жаншу кезінде жұғады. Сонымен қатар, қызбамен ауырған науқасқа күтім жасау кезінде мұрыннан, тістен, жарақаттан, басқа да қан кеткенде қорғаныш (маска, резеңке қолғап) құралдарынсыз күтім жасаған сау адамға немесе медицина қызметкерлеріне індет жұғу қаупі жоғары. Тұрғындар көбінесе кенені денесінен, жануарлардан, иттен жалаң қолмен жұлып, денсаулығына немқұрайлық танытып жатады.

Індеттің клиникалық белгілері адамда дене қызуы көтеріліп, бас, буын және бел ауырып, қан (мұрын, тістің қызыл еті) кету, лоқсу, құсу, денеде қан бөртпелері байқалады. Оны ауа райымен, тағамнан уланумен, күн өту, салқын тығызмен байланыстырып, денсаулығын күрт нашарлаған кезде медициналық көмекке жүгінеді. Осының кесірінен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының ақыры өлімге апарып соғатын жағдайлар кезігеді.

Республика көлемінде аса қауіпті індеттің табиғи ошағы Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында орналасқан. Жыл сайын 4000-ға жуық тұрғын кене шағып, медициналық көмекке жүгінеді.

Індеттің қадағалау мақсатында мониторинг жүргізіліп, табиғи ошақтардан жыл сайын 15000-ға жуық кене сынамасы зерттеліп, 400-ге жуығынан қызба вирусы анықталуда.

Кене жылы қанмен қоректенеді, қорексіз бірнеше жыл тіршілік ете алады және аналығы түрлеріне байланысты 15 мыңға дейін жұмыртқалайды. Далалық жерде өсімдік түбінде, бұтақтарында, ки-қоқыста, құс ұясында, тышқан індерінде, тышқанда, қора-жайларда, жабайы және ауыл шаруашылығы жануарларында кездеседі.

Тұрғын үйлерде, мал және қораларда кене болмауы үшін дезинсекция жүргізу қажет. Бұл жұмысқа ауыл шаруашылығы қызметкерлері (мамандары), әсіресе, сол жердің тұрғындары міндетті түрде қатысуы қажет.

Ауланы керексіз заттардан, мал қораларды ки-қоқыстан тазартқан, малды тоғанға (купка) түсірген дұрыс.

Кене шаққанда вирустың берілуін тоқтату және жұқтырудың алдын алу үшін жабысқан кенені мүмкіндігінше тез алып тастау керек. Кенені жалаң қолмен ұстамаңыз. Қарапайым қысқашпен теріңізге мүмкіндігінше жақынырақ кенені ұстап алыңыз. Қысқашты қатты қыспай (кенені езіп алмас үшін), абайлап және ұқыпты (теңселтпей, жұққыламай) тартыңыз. Алынған кенені ыдысқа салып, оны қақпақпен тығыз жабыңыз. Кене алынған жерді спиртпен сүртіңіз және тез арада медициналық көмекке жүгінін дұрыс.

Әр адам жеке басының қауіпсіздігін сақтау және кенеден қорғану үшін табиғатқа шыққанда, саяхаттағанда ұзын жеңді көйлек киіп, жеңдерін түймелеп, ұзын балақты шалбарды шұлықпен қыптап, аяқ-киім, баскиім киіп, өзімен бірге дененің ашық жерлеріне себетін медициналық дәрілік заттарды алып жүру қажет.

Естеріңізде болсын, жеке бастың сақтық шараларына мән бергенде және медициналық көмекке дер кезінде жүгінгенде ғана ауруды ауыздықтай аламыз.

Өмірбек ҮСЕНОВ,
ҚР ДСМ «КДСОУ» ШЖҚ РМК «СЭСМГПО» филиалы карантиндік және аса қауіпті инфекциялар мониторингі бөлімінің маманы

ЖОБА

«Қызылорда облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 598 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Қызылорда облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 598 қаулысына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2022 жылғы 4 тамызда № 20395 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Н.Нәлібаев
Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы № _____ қаулысына қосымша Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «27» шілдедегі № 598 қаулысымен бекітілген	

Қызылорда облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекаралары						
№	Тарих және мәдениет ескерткішінің атауы, мерзімі	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері және координаттары	Ескерткіштің көлемі	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу аймағының көлемі
Арал ауданы						
1.	Керлері кесенесі, XIV-XV ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Қаратерен ауылынан солтүстік-батысқа қарай 67,5 шақырым (N 45° 43'25,6" E 66° 01' 18'42,5")	149 м²	1,0306 га	6,7668 га
2.	Бекетай кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Аққұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4,9 шақырым (N 46° 03'06,1" E 66° 1' 16'57,1")	85 м²	1302 м²	2870 м²
3.	Бәсбек сағанатамы, XVIII-XIX ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Аққұлақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым (N 46° 06'10,8" E 66° 1' 23'12,4")	80 м²	760 м²	1560 м²
4.	Ораз ақын кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Шөмішкөл ауылынан шығысқа қарай 4 шақырым (N 45° 55'19,20" E 66° 1' 44'21,90")	111,02 м²	1005,48 м²	2045,16 м²
5.	Қосаман кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Қосаман ауылынан батысқа қарай 500 метр (N 46° 55'44,3" E 66° 33'58,5")	97 м²	1124 м²	2256 м²
6.	Арыстанбаб зираты, XIX-XI ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Ақбай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9 шақырым (N 46° 05'04,83" E 61° 59'51,48")	17,7 м²	91,92 м²	166,83 м²
7.	Жанназар ишан мешіті, 1904 ж.	кала құрылысы және сәулет	Қамыстабыс ауылы, Қамыстабыс көшесі, № 420 (N 46° 1'139,91" E 66° 1' 56'58,34")	0,2017 га	0,7242 га	0,7242 га
8.	Су қыспақты мұнара, 1905 ж.	кала құрылысы және сәулет	Сапақ станасы (N 46° 37'01,0" E 66° 1' 47'42,7")	43,5 м²	0,6536 га	
Қазалы ауданы						
9.	Қала құрылысы кешені – Қазалы қаласының тарихи бөлігі, XIX ғасырдың соңы- XX ғасырдың басы;	ансамбльдер мен кешендер	Қазалы қаласы	1492,76 м²	0,2000 га	
	Ғанибай үйі, сәулетші белгісіз, XIX ғ.;		№ 7 орта мектептің ауласы (N45°45'43,95" E62°06'24,84")	475 м²	0,365 га	0,448 га
	Депутаттар кеңесінің ғимараты, қазіргі – Г.Мұратбаевтың мемориалдық музейінің ғимараты, сәулетші белгісіз, XIX ғасырдың соңы- XX ғасырдың басы;		Қорқыт ата көшесі, 24 (N45°45'47,08" E62°06'06,51")	378 м²	1333,0 м²	
	Ғанибай мешіті, қазіргі – қалалық кітапхана, сәулетші белгісіз, XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басы;		Шпийн көшесі,17 (N45°45'43,77" E62°06'21,06")	420 м²	0,1348 га	
10.	Ноғай (Нұралы) мешіті, сәулетші Г.Мұраман, XIX ғасырдың соңы- XX ғасырдың басы;	кала құрылысы және сәулет	Жаңұзақов көшесі, 51 (N45°45'49,38" E62°06'25,54")			
	Шіркеу, қазіргі – Темірқошшылар клубы ғимараты, сәулетші белгісіз, 1904 жыл		Ойтексе би кенті, Ойтексе би көшесі, 1 (N45°51'02,39" E62°09'36,30")	3072 м²	17301,0 м²	
11.	Жанкент (Янгикент) қалашығы, IX-XI ғ.ғ.	археология	Жанкент ауылынан оңтүстікке қарай 1 шақырым (N 45°36'45,83" E 66°1' 55'15,21")	15 га	45 га	75 га
12.	Құттығбай кесенесі, XVIII-XIX ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Жанкент ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4 шақырым (N 45°36'49,78" E 66°1' 53'11,25")	101 м²	2500 м²	16300 м²
13.	Сараман-Қос (Сарман-Қожа) мұнарасы, X-XI ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Қаукей ауылынан шығысқа қарай 3 шақырым (N 45°15'23,78" E 66°1' 47'48,29")	33,18 м²	0,2025 м²	1,5625 м²
14.	Бақатан кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Сарбұлақ ауылынан батысқа қарай 29 шақырым (N 45°16'09,68" E 66°2'27'39,12")	88 м²	0,25 м²	1,69 м²
15.	Жанқожа батыр кесенесі, 1992 ж.	кала құрылысы және сәулет	Ойтексе би кентінен оңтүстікке қарай 4 шақырым (N 45°48'42,94" E 66°2'07'39,73")	127 м²	0,587 га	2,875 га
16.	Қожаназар ишан мешіті, XIX ғ.	киелі объекті	Ойтексе би кенті, Біржан сал көшесі, № 109 (N 45°50'52,84" E 66°2'8'41,14")	286 м²	0,1172 га	0,1172 га
17.	Кескен Күйік қалашығы, VII-X ғ.ғ.	археология	Бозкөл ауылынан батысқа қарай 22 шақырым (N 45°31'03,09" E 66°1'27'27,44")	53 га	86 га	120 га
18.	Күйік қала қалашығы, VII-X ғ.ғ.	археология	Қаукей ауылынан батысқа қарай 13 шақырым (N 45°14'50,63" E 66°1' 35'04,49")	9 га	15 га	30 га
19.	Толыбай батыр кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 6,7 шақырым (N 45°50'43,77" E 66°1' 34'05,14")	143 м²	0,1295 га	0,36 га
20.	Базар қожа кесенесі, XX ғ. басы	кала құрылысы және сәулет	Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 8 шақырым (N 45°51'20,07" E 66°1' 34'24,63")	60 м²	0,06 га	0,1675 га
21.	Айдарлы кесенесі, XIX ғ. басы	кала құрылысы және сәулет	Жанқожа батыр ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2,5 шақырым (N 45°44'11,3" E 66°1'47'43,2")	70 м²	0,2352 га	1,1772 га
22.	Өтеген кесенесі құлпытасымен, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Жанқожа батыр ауылынан шығысқа қарай 3,5 шақырым (N 45°42'20,44" E 66°1'51'45,55")	64 м²	0,09 га	0,3025 га
23.	Сырлыбай кесенесі, 1891 ж.	кала құрылысы және сәулет	Өркенеу ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 шақырым (N 45°32'52,91" E 66°1'48'56,42")	89,7 м²	0,81 га	2,88 га
24.	Орақ мұнарасы, 1918 ж.	кала құрылысы және сәулет	Қожабақы ауылынан солтүстікке қарай 6 шақырым (N 45°41'32,51" E 66°1'46'20,55")	16,8 м²	0,71 га	2,69 га
25.	Әзілхан ишан мешіті, 1925 ж.	кала құрылысы және сәулет	Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі, № 1 (N 45°47'09,25" E 66°1'58'25,43")	204 м²	1,0215 га	
Қармақшы ауданы						
26.	Қорқыт ата ескерткіші кешені (стелла, амфитеатр, төбе, қошқар тас, мұражай), 1980 ж.	ансамбльдер мен кешендер	Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым (N 45°36'16,74" E 63°56'12,24")	14700 м²	27500 м²	62700 м²
27.	Шірік-рабат қалашығы, біздің заманымызға дейінгі V-II ғ.ғ.	археология	Тәйімбет Қомекбаев ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 87 шақырым (N 44°05'15,7" E 62°54'55,5")	56,1 га	14,6 га	33,8 га
28.	Бәбіш-Мола ескерткіштер кешені, біздің заманымызға дейінгі IV-II ғ.ғ.	археология	Тәйімбет Қомекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 47 шақырым (N 44°25'06,6" E 66°3'06'38,2")	7 га	6 га	16 га
Жетіасар оазисінің ескерткіштері:						
Жетіасар III (Алтынасар) қалашығы, б.з.д. I мыңжылдықтың соңы - б.з. IV-V ғ.ғ.	археология	археология	Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан солтүстік-батысқа қарай 33,7 шақырым (N 45°11'27,11" E 66°3'31'46,7")	20,5 га	9,8 га	24 га
			Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан солтүстік-батысқа қарай 9,7 шақырым			
Жалпақ асар қалашығы, б.д. VI-VII ғ.ғ.	археология	археология	Ақсар ауылынан батысқа қарай 21,7 шақырым (N 45°05'36,9" E 66°3'48'13,5")	5,5 га	5,1 га	14,9 га
			Жалпақ асар қалашығынан батысқа қарай 8,2 шақырым, Алтынасар қалашығынан солтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым (N 45°06'38,6" E 66°3'42'07,5")	4,2 га	4,8 га	14,4 га
Базар асар қалашығы, б.д. VI-VIII ғ.ғ.	археология	археология	Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 60 шақырым (N 45°06'54" E 66°3'41'16,5")	0,4 га	1,9 га	8,7 га
			Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 65 шақырым (N 45°06'14,4" E 66°3'27'24,5")	2,2 га	3,7 га	12 га
Қарлы асар қалашығы (Жетіасар №6), б.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. VI-VII ғ.ғ.	археология	археология	Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан батысқа қарай 8 шақырым (N 45°05'42,0" E 66°3'50'22,4")	1,5 га	3 га	10,8 га
			Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 25 шақырым (N 45°06'38,6" E 66°3'42'07,5")	1,4 га	3 га	10,8 га
Тік асар қалашығы (Жетіасар №10), б.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. IV-V ғ.ғ.	археология	археология	Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 шақырым (N 45°16'22,8" E 66°3'53'31,5")	8,2 га	6,2 га	17,1 га
			Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан батысқа қарай 14 шақырым (N 45°06'32,7" E 66°3'45'19,6")	12,4 га	8,2 га	21,1 га
Үлкен Қос асар қалашығы, б.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. VI ғ.	археология	археология	Алдашбай ахун ауылынан солтүстік-батысқа қарай 23 шақырым (N 45°05'34,0" E 66°3'32'51,3")	1,6 га	3,2 га	11,2 га
			Алдашбай ахун ауылынан солтүстік-батысқа қарай 23 шақырым (N 45°04'32,3" E 66°3'32'48,5")	2,1 га	3,6 га	12 га
Жоласар қалашығы, б.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. VI ғ.	археология	археология	Алдашбай ахун ауылынан батысқа қарай 25 шақырым (N 45°00'04,4" E 66°3'29'58,1")	1,1 га	2,7 га	10,2 га
			Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 48 шақырым, Ақсар ауылынан шығысқа қарай 13 шақырым (N 45°04'53,25" E 66°4'15'13,10")	1,7 га	3,1 га	11 га
30.	Моншақты асар қалашығы, б.д. V-IX ғ.ғ.	археология	Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылынан солтүстік-батысқа қарай 12 шақырым (N 45°07'44,0" E 66°3'47'40,0")	1,5 га	3,3 га	11,3 га
31.	Тас асар қалашығы, б.д. VI-VII ғ.ғ.	археология	Тәйімбет Қомекбаев ауылынан солтүстікке қарай 22 шақырым (N 45°02'03,97" E 66°3'08'46,00")	1 га	5,4 га	42,6 га
32.	Жаман асар қалашығы, б.д. I мыңжылдық	археология	Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым (N 45°31'04,01" E 66°4'16'22,28")	102,98 м²	957,13 м²	1852,74 м²
33.	Марал ишан кесенесі, XIX ғ.	киелі объекті				2757,03 м²

34.	Қалқай ишан кесенесі, XIX ғ.	киелі объекті	Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым (N 45°31'02,26" E 66°4'16'27,53")	151,71 м²	2678,14 м²	5712,23 м²	8751,20 м²
35.	Алыпқорған қалашығы, б.д.д. IV-II ғ.ғ.	археология	Байқоныр қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым, Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 65 шақырым (N 45°22'49,44" E 66°3'00'27,73")	3078,06 м²	13768,44 м²	23795,97 м²	33847,27 м²
36.	Абыла жел диірмені, 1940 ж.	кала құрылысы және сәулет	Қармақшы ауылы, Алмағамбет Ысмаков көшесі, нөмірсіз (N 45°23'14,95" E 66°4'15'27,75")	69,63 м²	2169,092 м²	4017,56 м²	5436,98 м²
Жалағаш ауданы							
37.	Жент (ЖанҚала) қалашығы, X-XV ғ.ғ.	археология	Ақсар ауылынан оңтүстікке қарай 37 шақырым (N 44°27'31,30" E 66°3'50'53,55")	1075 га	66 га	137 га	144 га
38.	Сорласар қалашығы, б.д. VI-IX ғ.ғ.	археология	Бұхарбай батыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым, Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 12,6 шақырым (N 44°58'15,19" E 66°4'37'32,06")	22,5 га	30,74 га	40,26 га	51,6 га
39.	Көктоңды асар қалашығы, б.д. V-IX ғ.ғ.	археология	Жалағаш кентінен батысқа қарай 9,5 шақырым, Қаракеткен теміржол станасынан оңтүстікке қарай 10,2 шақырым (N 45°05'58,6" E 66°4'32'48,6")	0,711 га	2,703 га	5,975 га	10,527 га
40.	Домалақ асар қалашығы, б.д. VI-IX ғ.ғ.	археология	Таң ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11,7 шақырым (N 45°01'12,2" E 66°4'17'15,3")	1,8 га	3,3 га	11,4 га	17,6 га
41.	Қособалы асар қалашығы, б.д.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. IX ғ.	археология	Таң ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 шақырым (N 45°01'59,2" E 66°4'18'09,7")	2,5 га	3,2 га	11,8 га	18,1 га
42.	Үнгіріл асар қалашығы, б.д.д. I мыңжылдықтың соңы - б.д. IX ғ.	археология	Таң ауылынан батысқа қарай 9,4 шақырым (N 45°03'30,7" E 66°4'18'18,4")	2,2 га	3,5 га	11,8 га	18,1 га
43.	Атаусыз асар қалашығы (Қара-асар), б.д. VI-IX ғ.ғ.	археология	Бұхарбай батыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3 шақырым, Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 12 шақырым (N 45°00'23,7" E 66°4'33'53,9")	0,64 га	2,27 га	4,9 га	8,55 га
44.	Әбіхан ишан мешіті, 1922 ж.	киелі объекті	Таң ауылы, Жамбыл Жабаев көшесі, № 12 (N 45°04'14,5" E 66°4'25'16,7")	230,36 м²	4651,082 м²	10306,23 м²	15959,76 м²
Сырдария ауданы							
45.	Тәжібай кесенесі, XIX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Терекөне кентінен солтүстік-шығысқа қарай 118 шақырым (N 44°16'9,02" E 66°2'746,98")	93,5 м²	1287,75 м²	2701,17 м²	4114,38 м²
46.	Кішіасар қалашығы, б.д. VI-IX ғ.ғ.	археология	Шаған ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5,3 шақырым (N 44°53'30,3" E 66°4'53'33,0")	0,7 га	2,4 га	9,5 га	15,5 га
47.	Қос асар қалашығы, б.д. VII-X ғ.ғ.	археология	Нағи Ілиясов ауылынан батысқа қарай 5,5 шақырым (N 44°52'48,45" E 66°5'341,18")	35,9 га	13,1 га	30,8 га	37,1 га
48.	Үлкенасар қалашығы, б.д. VI-IX ғ.ғ.	археология	Шаған ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6 шақырым (N 44°54'27,1" E 66°4'52'52,3")	2,2 га	3,5 га	11,7 га	17,9 га
49.	Жетімасар қалашығы, б.д.д. I мыңжылдықтың ортасы - б.д. VI-VII ғ.ғ.	археология	Шіркейлі ауылынан оңтүстікке қарай 4 шақырым (N 44°47'27,49" E 66°5'07'13,40")	2,1 га	3,4 га	11,6 га	17,8 га
50.	Қалжан ахун мешіт-медресесі, XIX-XX ғ.ғ.	киелі объекті	Қалжан ахун ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым (N 45°42'29,38" E 66°45'27,21")	1857,1 м²	2771,4 м²	3831,6 м²	4895,2 м²
51.	Қалжан ахун сағанасы, XIX-XX ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Қалжан ахун ауылынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым (N 45°04'27,48" E 66°45'019,87")	133,9 м²	579,7 м²	981,9 м²	1384 м²
52.	Асанас қалашығы, VII-XV ғ.ғ.	археология	Айдарлы ауылынан батысқа қарай 8 шақырым (N 44°27'57,2" E 66°5'39'09,9")	18,5 га	28,025 га	58,5 га	170 га
53.	Занғарқала қалашығы, IX-XI ғ.ғ.	археология	Іңкәрдария ауылынан оңтүстікке қарай 24,5 шақырым (N 44°27'00,13" E 66°4'50'58,65")	56067,21 м²	40070,43 м²	50034,11 м²	60052,62 м²
Қызылорда қаласы							
54.	Айтбай мешіті, шеберлер Ысқан және Камал, 1878 жыл	кала құрылысы және сәулет	Сатпаев көшесі, 18 (N44°50'21,44" E65°29'36,95")	352 м²	1,0548 га		
55.	Құтқарушы Христың шіркеуі, сәулетшілері А.Есаков, И. Калинин, XIX ғасыр	кала құрылысы және сәулет	Тоқтыбаев көшесі, 5 (N44°50'34,60" E65°29'13,51")	476 м²	0,756 га		
56.	Областық әскери комиссариаттың шақырғыш пункті ғимараты (бұрынғы қазарма), XIX ғ. аяғы	кала құрылысы және сәулет	Иса Тоқтыбаев-2 тұйығы, ғимарат 1 (N 44°50'19,50" E 66°5'29'8,75")	896 м²	0,8531 га		
57.	Теміржолшылар клубы ғимараты, 1924 ж.	кала құрылысы және сәулет	Еркін Әуезов көшесі, № 5 (N 44°51'25,55" E 66°5'29'36,35")		0,6288 га		
58.	Теміржол милициясы ғимараты (қазіргі «Ақменшік» музейі), 1905 ж.	кала құрылысы және сәулет	Еркін Әуезов көшесі, № 38 (N 44°51'12,78" E 66°5'29'44,65")	175,16 м²	0,0989 га		
59.	Областық тарихи-өлкетану музейі ғимараты, 1923 ж.	кала құрылысы және сәулет	Мұхтар Әуезов көшесі, № 2 А (N 44°50'35,15" E 66°5'29'45,96")		3375 м²		
60.	Өшпес Даңқ мемориалы, 1975 ж.	монументтік өнер құрылысы	Димұхамед Қонаев көшесі, н/з (N 44°50'54,89" E 66°5'29'30,25")	572,6 м²	2,2 га		
61.	Саяси құрылған-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіші, 1998 ж.	монументтік өнер құрылысы	Кетебай б. көшесі, н/з (N 44°48'1,73" E 66°5'30'53,60")	1813,42 м²	5985,51 м²	9514,08 м²	13106,75 м²
62.	Нартай Бөкежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының ғимараты, 1985 ж.	кала құрылысы және сәулет	Өтпеске б. көшесі, № 44 А (N 44°50'33,50" E 66°5'30'19,50")	3476,64 м²	22161 м²	43199,96 м²	62877,37 м²
63.	Асқар Тоқмамбетов атындағы мәдениет орталығы ғимараты, 1959 ж.	кала құрылысы және сәулет	Қазанбек б. көшесі, № 21 (N 44°50'29,96" E 66°5'29'28,29")	3219,22 м²	8812,45 м²	24803 м²	34826,26 м²
64.	Жалантос Баһадур ескерткіші, 2010 ж.	монументтік өнер құрылысы	Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 18 (N 44°47'18,47" E 66°5'31'47,62")		0,1836 га	0,4499 га	0,7973 га
65.	Бұхарбай Естекбайұлы ескерткіші, 1975 ж.	монументтік өнер құрылысы	Ғани Мұратбаев көшесі, № 38 (N 44°48'15,98" E 66°5'15'52,98")	261,7 м²	0,1607 га	0,4294 га	0,6988 га
66.	Жанжоспа Нұрмұхамедұлы ескерткіші, 2014 ж.	монументтік өнер құрылысы	Теміржол вокзалы маңында (N 44°51'14,30" E 66°5'29'44,20")	347 м²	0,2214 га	0,5478 га	0,8777 га
67.	Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған ескерткіші, 1980 ж.	монументтік өнер құрылысы	Тасбөкет кенті, Шахматрлы Есенов көшесі, н/з (N 44°46'22,07" E 66°5'32'53,16")		0,0715 га	0,1911 га	0,3111 га
68.	Мұстафа Шоқай ескерткіші, 2017 ж.	монументтік өнер құрылысы	Ыбырай Жакаев көшесі, н/з (N 44°50'07,97" E 66°5'30'20,69")		0,1652 га	0,4735 га	0,7816 га
69.	Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіші, 2000 ж.	монументтік өнер құрылысы	III ірілендіретін қаратал (N 44°50'19,24" E 66°5'29'17,62")		0,6731 га	1,6764 га	2,6913 га
70.	Наурызбай мұнарасы, VIIIII-XIX ғ.ғ.	кала құрылысы және сәулет	Қарауылтөбе ауылынан солтүстікке қарай 4,5 шақырым (N 44°56'10,97" E 66°5'29'15,8")		0,0584 га	0,1503 га	0,2429 га
71.	Бауырластар бейіті, 1920 ж.	кала құрылысы және сәулет	Иса Тоқтыбаев көшесі, нөмірсіз (N 44°50'33,44" E 66°5'29'10,04")	77,11 м²	1359,12 м²	2999,66 м²	4647,08 м²
Шіелі ауданы							
72.	Сауысқандық петроглифтері, қола, ерте темір дәуірлері	археология	Елбөкші ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым (N 44°30'38,0" E 66°7'21'43,0")	472,3 га	85,7 га	130,1 га	122,8 га
73.	Рабат-1 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ.	археология	Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 7 шақырым (N 44°43'43,70" E 66°6'17'05,80")	0,02 га	0,7 га	1,7 га	2,7 га
74.	Рабат-2 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ.	археология	Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым (N 44°42'53,10" E 66°6'18'46,90")	0,02 га	0,7 га	1,7 га	2,6 га
75.	Рабат-3 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ.	археология	Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым (N 44°42'15,50" E 66°6'19'01,80")	0,02 га	0,7 га	1,7 га	2,6 га
76.	Рабат-4 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ.	археология	Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 21 шақырым (N 44°42'25,10" E 66°6'19'47,50")	0,02 га	0,7 га	1,7 га	2,6 га
77.	Рабат-5 бекінісі, XIV-XVI ғ.ғ.	археология	Жаназар батыр ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 26 шақырым (N 44°42'03,20" E 66°6'20'54,90")	0,02 га	0,7 га	1,7 га	2,6 га
78.	Нәзәйи қалашығы, ортағасыр	археология	Бала би ауылынан солтүстікке қарай 7,5 шақырым (N 44°24'27,08" E 66°6'32'8,94")	5,2 га	4,15 га	5 га	6 га
79.	Тасбөке (Тазтөбе) қалашығы, ортағасыр	археология	Жаназар батыр ауылынан батысқа қарай 26 шақырым (N 44°42'08,11" E 66°6'04'30,50")	0,03 га	0,8 га	1,8 га	3,4 га
80.	Бестам қалашығы, X-XIV ғ.ғ.	археология	Жиделіарық ауылынан солтүстікке қарай 5 шақырым (N 44°17'40" E 66°6'46'47")	0,85 га	2 га	3 га	4 га
81.	Сұлутөбе қалашығы, VIIIIII-XIX ғ.ғ.	археология	Сұлутөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2,5 шақырым (N 44°38'28,95" E 66°6'04'19,23")	3 га	3,5 га	4,5 га	5,1 га
82.	Ақтөбе қалашығы, VIII-XIII ғ.ғ.	археология	Ортақпалы ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым (N 44°14'23,90" E 66°6'31'32,72")	2,55 га	6,04 га	10,35 га	15,96 га
83.	Қызылтаң қалашығы, XII-XIX ғ.ғ.	археология	Ортақпалы ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4,5 шақырым (N 44°13'22,03" E 66°6'33'9,41")	5,16 га	11,31 га	17,39 га	24,75 га
84.	Су қыспақты мұнара, XX ғ.	кала құрылысы және сәулет	Шіелі кенті, Дәулеткерей Шығайұлы көшесі, н/з, (N 44°10'20,45" E 66°6'44'03,19")	268,289 м²	346,355 м²		
85.	Мұстафа Шоқай ескерткіші, 1998 ж.	монументтік өнер құрылысы	Шіелі кенті, орталық алаңында орналасқан (N 44°10'03,71" E 66°6'44'10,69")	5,559 м²	41,875 м²		
86.	Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Шіелі патриоттарына орнатылған ескерткіші, 1967 ж.	монументтік өнер құрылысы	Шіелі кенті, Смайлды Қарымбаев көшесі, н/з, (N 44°09'59,73" E 66°6'44'12,15")	12,840 м²	325,008 м²		
87.	Ыбырай Жакаев ескерткіші, 2011 ж.	монументтік өнер құрылысы	Шіелі кенті, Ыбырай Жакаев саябағында орналасқан (N 44°11'08,95" E 66°6'44'41,81")	3,855 м²	92,793 м²		
88.	Иманқұтис Құтпанды ескерткіші, 2014 ж.	монументтік өнер құрылысы	Шіелі кентінде орналасқан (N 44°10'17,46" E 66°6'43'56,47")	10,867 м²	313,289 м²		
Жанакорған ауданы							
89.	Сынақан (Сунаката) қалашығы, X-XVIII ғ.ғ.	археология	Сунаката ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырым (N 44°09'23,46" E 66°57'41,28")	180,8 га	309,6 га	989,9 га	739,6 га
90.	Талғеттай-Қылышты ата кесенесі, 2008 ж. (XI-XII ғ.ғ.)	киелі объекті	Қырғиссе ауылынан оңтүстікке қарай 7 шақырым (N 43°45'38,60" E 66°7'41'4,68")	0,05 га	0,35 га	1,7 га	4 га
91.	Құрман қалашығы, XII-XIII ғ.ғ.	археология	Келінтөбе ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15,7 шақырым (N 43°23'46,92" E 66°7'17'33,07")	30957,63 м²	33122,75 м²	43156,34 м²	53210,31 м²
92.	Өзгенет қалашығы, XII-XVII ғ.ғ.	археология	Өзгенет ауылынан батысқа қарай 13 шақырым (N 43°44'46,53" E 66°4'45,75")	27 га	37 га	63 га	94 га
93.	Ақкорған қалашығы, XIII-XIV ғ.ғ.	археология	Түгітсе ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым (N 43°35'13" E 66°7'23'04")	66149,26 м²	47878,26 м²	56599,59 м²	66394,96 м²

ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Сыр журналистикасының ардагері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Арал ауданының құрметті азаматы, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде, облыстық және аудандық басылымдарда қызмет атқарған қарымды қаламгер, бірнеше кітаптың авторы Еркін Әбіл биыл 75 жасқа келді. Мерейтой иесі Қызылорда облысының Құрмет грамотасын, Қазақстанның құрметті журналисі атағын иеленген.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада ардагер қаламгермен кездесу өтті. Кездесуді Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова жүргізді. Сондай-ақ ол мерейтой иесіне ҚЖО баскарма төрағасы Мереке Құлкеновтің құттықтауын табыстап, иығына шапан жапты.

Қаламгердің әріптестері, Қазақстанның құрметті журналисі, «Сыр медиа» ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжәлі Ерімбетов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, бас директордың орынбасары Әзиз Батырбеков, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиал төрағасы Қуат Шарабидинов,

«Қызылординские вести» газетінің ардагер журналисі Жанна Балмағанбетова сөз сөйлеп, мерейтой иесіне игі тілектерін білдірді.

Тілек айтушылар Сыр журналистикасының ардагері, қаламы қарымды журналист Еркін Әбілдің мерзімді баспасөз бетінде қалдырған көп жылғы қолтаңбасын, қай уақытта да тіршіліктің түйткілді мәселелерін көтеруде табандылық таныта білгенін атап өтті.

Кештің қорытынды сәтінде мерейтой иесі Еркін Аққалиұлы қаламдастарының сый-құрметіне ризашылығын білдіріп, іс-шараны

ұйымдастырған облыстық кітапхана ұжымына алғысын айтты.

Кездесу барысында мерзімді баспасөздің және кітаптың қоғамдағы орны, рухани танымды кеңейтуге пайдасы туралы сөз қозғалып, ой-пікірлер ортаға салынды. «Тенізбен жаны егіз қаламгер» тақырыбында ұйымдастырылған кітап көрмесі таныстырылды.

Іс-шараға ақын-жазушылар, журналистер, кітапханашылар мен оқырмандар, №5547 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

КИІК КӨБЕЙДІ: пайдасы қайсы, зияны неде?

– Ақбөкеннің Қызылорда облысында тұрақтайтыны өте аз. Ұлытау, Қостанай, Ақтөбе облыстарын мекендейтін олар қыс мезгілінде қар қалың жауып, қорек таппаған соң жайылымдық жер іздеп осында келеді. Бұл – табиғи заңдылық. Әлеуметтік желіде тараған бейнежазбада киіктердің әлсірегені туралы жазылды. Бұл да алаңдайтын нәрсе емес. Қарашадан желтоқсанға дейін киіктердің күйлеу кезеңі өтеді. Бұл уақытта көбінесе аталықтары әлсіреп, күші қалмайды. Қызметкерлеріміз Арал ауданына барып, аң айдау, оларға жем шашу жұмысын жүргізді. Қазіргі күні аталықтары әлденіп алды, – деді Расул Маханов.

Филиал қызметкерлері Арал ауданының аумағынан әр жерден, қарастынан 12 бас киік аталығының өлексесін тапқан. Былтыр 463 бас аң өлексесі залалсыздандырылған болатын.

– Бүгінде елімізде үш популяцияда есеп бойынша 3 млн 978 мың бас киік тіршілік етеді. Орал популяциясы – 2 млн 300 мың, Бетпақдала популяциясы – 1 млн 600 мың, Үстірт популяциясы – 78 мың. Киік саны он жыл шамасында 40,4 пайызға көбейген. Бұл – былтырғы санақ қорытындысы, санақ төлдейтін сәуір, мамыр айларында жүргізілгенін ескеруге тиіспіз. Біздің есебімізше, Сыр өңірінде 60-65 мыңдай киік бар. Оның 30 мыңнан астамы Арал ауданының аумағында шоғырланған. Киік – тез көбейіп, тез азаятын аң. Қыс қатты, қар

қалың болған 1992 жылы киіктер көптеп қырылған көрінеді. Саны тіпті 15 мыңға дейін түсіп кеткен деген дерек бар. Жиырма жылдан астам уақыт көбею тенденциясы байқалды. 2013 жылы еліміздің солтүстік бөлігінде қайтадан аурудан қырылып қалды. Кейін тағы көбейе бастады. Миграция жолымен кезінде киік Қызылорда облысы арқылы Өзбекстанға өтіп кеткен жағдайлар болған, – деді филиал басшысы.

Былтыр шілде-желтоқсан айлары аралығында Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Ұлытау және Қарағанды облыстарының аумағында киік санын реттеу жұмысы жүргізілді. Мамандар мұның себебін сайын дала сұлуының көбеюімен байланыстырады.

– Көктемнен бастап киік егістік алқаптарын таптап кетеді. Егінмен айналысатын шаруа қожалықтарының өкілдері «егінге түседі, еккенімізді тып-типыл етеді» деп шағымданады. Түгендеу жұмысы осындай өтініш негізінде қолға алынған. Киікті аулауға «Охотзоопром» мекемесі қызметкерлерінің қадағалауымен аңшылар жалданды. Нәтижесінде былтыр табиғи ортадан 196 210 бас киік алынды. Олардың егі ет комбинаттарына өткізілді. Ал мүйізі «Охотзоопром» мекемесінің Алматы қаласындағы сақтау орнына жиналды. Әрқайсысының тұсына реттік саны қойылған, арнайы температурада сақтаулы тұр. Мүйізді фармацевтикалық мақсатқа пайдалану бағытында Үкімет іс-шаралар жүргізіп жатыр, – деді Расул Маханов.

Жалпы ақбөкен жойылып кету қаупі төніп тұрған аң болып есептеледі. Бірақ саны көбейгесін 2023 жылы бұл тізімнен алынды. Дегенмен, түз еркесін заңсыз атқаны үшін елімізде қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. «Охотзоопром» филиалының қорғау аймағында инспекторлар өткен жылы 17 қылмыстық деректі анықтаса, биылдыққа 2 браконьерді қолға түсірген.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



КҮШ – БІЛІМДЕ, БІЛІМ – КІТАПТА

Кітап – адамзаттың рухани байлығы, ақыл мен парасаттың сарқылмас қазынасы. Жыл сайын 14 ақпан күні әлем жұртшылығы Халықаралық кітап сыйлау күнін атап өтеді. Бұл мерекенің басты мақсаты – кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, балалар мен жасөспірімдердің бойына рухани құндылықты сіңіру, сондай-ақ кітапты бір-біріне сыйлау арқылы білім мен мейірімнің көпірін қалыптастыру. Кітап сыйлау – жай ғана сыйлық беру емес, жүректен жүрекке жететін ізгі ниет, келер ұрпаққа қалатын өнеге.

Осы атаулы күн аясында Шиелі кентіндегі М.Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицейінде кітапханашылар Тұрсынқұл Дүйсебайқызы, Гүлмира Мұстафақызының ұйымдастыруымен жазушы-сатирик Нұрмахан Елтаймен кездесу кеші өтті.

Іс-шара жазушының өмірдерімен басталып, оқушыларға қаламгердің шығармашылық жолы кеңінен таныстырылды. Кездесуге 6, 10-сынып оқушылары қатысып, өздерін толғандырған шынайы әрі қызықты сауалдарын қойды. Оқушылардың белсенділігі мен кітапқа деген ықыласы кештің көркін аша түсті.

Кездесу барысында журналист адам баласының өміріндегі ең тәтті кезең – балалық шақ пен мектептегі қызықты естеліктер туралы әңгіме өрбітіп, жас ұрпаққа кітап оқудың маңызы, шығармашылықтың қырсыры жайлы тағылымды ойларын бөлісті. Қаламында қуаты, сиясында сарқыты бар ажқұрек жанның балаларға деген мейірімі ерекше байқалып, оқушыларды рухани әсерге бөледі.

Шара барысында мектеп кітапханашысы Тұрсынқұл Нәбішева жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы презентация ұсынып, қаламгердің еңбектері мен жетістіктерін оқушыларға кеңінен таныстырды. Бұл таныстырылым жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыра түсті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ләйлі Мұханбетжанқызы кездесуге тыңғылықты дайындықпен келген 6-сынып білім алушыларын белсенділігі үшін Ал-

ғы хатпен марапаттады. Өз кезегінде қаламгер жиналған қауымға ризашылығын білдіріп, оқушыларға жылы лебізін арнады. Кеш соңында мектеп кітапханасына 66 әдеби кітап сыйға тартып, оқушылар жазушымен естелік суретке түсіп, рухани әсерге толы кездесу тағылымды оймен түйінделді.

Әрі қарай мерекелік шара Ы.Алтынсарин атындағы №219 орта мектебінде жалғасын тапты.

Шараның өз деңгейінде өтуіне кітапханашылар мен ұстаздар қауымы белсене атсалысты. Мектеп кітапханашысы Жанар Құлахметова жазушының өмір жолы мен шығармашылық жетістіктері, қаламгердің еңбектері жайында кеңінен таныстырылым жасады. Сондай-ақ шараның үлгілі өтуіне Д.Әлжанова, Қ.Кенбаева, тәлімгер М.Сағындыкова мол үлес қосты.

Кездесу кешінің ерекше сәттерінің бірі кітап сыйлау рәсімі болды. Оқушылар мен ұстаздар қаламгерге құрмет білдіріп, ал жазушы өз кезегінде оқушылар мен мектеп кітапханасына 70 кітап сыйлап, естелік ретінде қолтаңба берді.

Кітап сыйлау күні аясындағы бұл тағылымды кездесу жас ұрпақтың рухани-мәдени дамуына оң ықпал етіп, кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызын айшықтай түсті. Осындай мазмұнды шаралар оқырман мен қаламгер арасындағы байланысты бекемдеп, жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыра беретіні сөзсіз.

Ғазиза РҮСТЕМБЕК,
Шиелі ауданы

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаменті өңір тұрғындары мен заңды тұлғаларына ҚР Энергетика министрінің №143 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларын сақтау қажеттігін хабарлайды. Бұл нормаларды білу, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) энергия беруші ұйымымен туындайтын мәселелердің алдын алуға және нысандарыңызды сенімді энергиямен жабдықтауға мүмкіндік береді.

Желілерге заңды түрде қалай қосылуға болады?

Электр желісіне қосылу үшін ең алдымен техникалық шарттарды (ТШ) алу қажет. Қағидалардың 12-тармағына сәйкес, жаңа нысандарды қосқанда, қолданыстағы нысандарды реконструкциялағанда немесе тұтынылатын қуатты арттырған жағдайда ТШ «ҚЭТТК» АҚ береді. Техникалық шарттарды беру немесе қайта ресімдеу үшін ақы алынбайтынын есте сақтаған жөн. Техникалық жағынан күрделі емес нысандар үшін құжатты беру мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Меншік иесі ауысқанда құжаттарды қайта ресімдеу

Егер сіз пәтер немесе үй сатып алсаңыз, қағидалардың 9-тармағына сәйкес, жаңа меншік иесі 10 жұмыс күні ішінде электрмен жабдықтау шартын жасау үшін «ҚЭТТК» АҚ-на хабарлауға міндетті. Бұл ретте, бұрынғы техникалық шарттар өз күшін сақтайды және қайта ресімдеуді талап етпейді, бұл жаңа иелер үшін процессті едәуір жеңілдетеді. Ал бұрынғы иесі нысанды сатқан жағдайда да есептеуіш көрсеткіштері бойынша толық есеп айырысуы тиіс.

Энергияны есепке алу және аспаптарды тексеру

Тұтынушылар есептеуіштер мен пломбалардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Қағидалардың 2-тармағына сәйкес, «Есепке алу схемасын тексеру» дегеніміз – «ҚЭТТК» АҚ өкілінің тұтынушының қатысуымен аспаптың күйін анықтау үшін жүргізетін тексерісі. Егер сіз энергия беруші ұйымның талаптарымен келіспесіз, қағидалардың 18-тармағы сізге энергетикалық сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сараптамалық ұйымға жүгінуге құқық береді.

Жауапкершілік шекарасы

Жиі туындайтын даулардың бірі: зақымдалған қабельді немесе желіні кім жөндеуі керек? Жауабы теңгерімдік тиістілікті бөлу актісінде айқындалады. Бұл – желінің бөліну нүктесі, оның мазмұны мен техникалық жағдайына тараптар өз бетінше жауапты. Осы нүктеден кейінгі тұтынушы жақ беттегі барлық желілер мен жабдықтар меншік иесінің өз жауапкершілігінде, яғни тұтынушының өзі немесе ол жалдаған мамандар қызмет көрсетеді.

Кернеу беру

Техникалық шарттар бойынша барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін тұтынушы «ҚЭТТК» АҚ-на дайындығы туралы хабарлама жібереді. Ұйым мамандары 3 жұмыс күні ішінде (қарапайым нысандар үшін) сыртқы қосылуы тексеруге міндетті. Егер кемшіліктер анықталған жағдайда, бұл туралы акт 2 күн ішінде беріледі. Еске сала кету керек, электр энергиясын беру тек коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаменті

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.